

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабек Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабек Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курысжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

**Chief Editor Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute, Astana, Kazakhstan

**Editor-in-Chief Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute, Astana, Kazakhstan

#### **Editorial Board**

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkepova K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabek D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryszhn L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиа-текстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОВЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

#### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

#### ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӨДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ХҒТАР 17.07.29

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.16>С.Ш. АЙТУҒАНОВА<sup>1</sup> \*Е.Б. СҰЛТАН<sup>2</sup> 

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан<sup>1</sup>  
(e-mail: [s-aituganova@mail.ru](mailto:s-aituganova@mail.ru)<sup>1</sup>, [sultan\\_yesbol@mail.ru](mailto:sultan_yesbol@mail.ru)<sup>2</sup>)

### \*КӨРКЕМ МӘТІНДІ СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ: СИМВОЛДЫҚ БЕЙНЕЛЕУ

**Аңдатпа.** Мақалада семиотика ғылымының бір тармағына жататын символдық бейнелеу құбылысының теориялық жағы сараланады. Семиотика – таңба туралы ғылым. Көркем мәтінді семиотикалық тұрғыдан талдау барысында символ, таңбалау, концепт сынды ұғымдарға кезігеміз. Аталған ұғымдар сырт қарағанда бір-біріне ұқсағанымен, олардың арасындағы айырмашылықты анықтап, көркем мәтіндегі астарлы мәнді таныту маңызды. Сол тұста символдық бейнелеу, таңбалық мән, концептілік жік нақтыланады. Бұл мақалада семиотиканың құрамдас бөлігі – символдың көркем мәтінде берілуіне, мәтіндегі бейнелілік мәселесіне қатысты теориялық тұжырымдамалар назарға алынып, семиотикалық аспектіде басқа да құрылымдарынан айырмашылығын анықтау мақсат етілді. Символ терминіне қатысты әдебиеттанудағы негізгі мағлұматтарға шолу жасалып, символикалық бейнелеудің көркем мәтіндегі қызметі талданып, символдар семиотикалық талдау аспектісінде қарастырылады. Көркем мәтін құрылымынан символды анықтау үшін оның негізгі белгілері мен мәтіндегі қызметі танылуы керек. Сонда ғана символдың таңбалық мәнін анықтау мүмкіндігі туады. Символдық бейнелеу көркем мәтіннің поэтикалық қуатын арттырып қана қоймай, код дәрежесіндегі таңбалық мағынаны да қамтиды. Сондықтан символды поэтикалық және семиотикалық тұрғыда қарастыру маңызды.

**Түйін сөздер.** Семиотика, таңба, символ, топонимия, көркем мәтін, мәтіндік талдау.

**Кіріспе.** Семиотика өткен ғасырда ғылыми айналымға еніп, гуманитарлық ғылымдарға ортақ ұғым ретінде түрлі аспектіде зерттеле бастады. Семиотика таңбаларды зерттейтін ғылым болғандықтан, семиотиктер тілді, тіл негізінде пайда болған әдеби-көркем шығармаларды таңба

---

\* Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын BR 10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында жазылды

тұрғысынан қарады. Яғни тіл белгілі бір таңбалар жүйесінен тұратынын айтып, сол таңбалардың адамзатқа түсінікті, ортақ белгілерін сарапқа салды. Ч. Пирс, Ф. Соссюр, Р. Якобсон, Ю. Лотман, т.б. сынды ғалымдардың тілдің таңбалық белгісіне қатысты ой-тұжырымдары мен пайымдаулары семиотика ғылымын қалыптастырып, оның мақсаты мен нысанын айқындауға мүмкіндік берді. XX ғасырдың аяғында мәтіндерді қабылдау, түсіндіру мәселелері мәтінді белгі ретінде көрсетуге қатысты сұрақтар туғызғанын көрсете отырып зерттеушілер К. Акопян мен Я. Шулер-Галош: «Семиотикалық әдістеме шартты шындықты адресат-реципиенттің сәйкес реакциясын тудыратын кодтар мен белгілер жүйесімен реттелетін коммуникативті процесс ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. Белгілі бір таңбалық жүйелер мен мағыналар жиынтығының көмегімен жүзеге асырылатын «субъект-объект» семиотикалық өзара әрекеттестігі қарым-қатынас тілінің белгілі бір деңгейін білдіреді», - деп көрсетеді [1, 63-64].

Көркем мәтіннің негізгі материалы – сөз. Ал сөз – белгілі бір адам танымындағы ақпаратты жеткізуші таңба, демек біз көркем мәтінді әдебиеттану тұрғысынан талдап, қарайтын болсақ, сөздің астарында жасырынған таңбалық мәнге назар аударамыз. Яғни біз көркем мәтінге семиотикалық талдау жасау барысында символдық бейнелеу ұғымына кезігеміз.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақаланы жазу барысында әдебиеттану ғылымының негізгі әдістері мен жалпы ғылыми әдістерді пайдаланылды. Салыстыру, талдау, жинақтау әдістерді қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** Символ – көркем мәтіндегі семиотикалық танымды танытатын бейнелеу құралы. Символға қатысты зерттеулер ғылымда біршама қарастырылып, көптеген пікір-тұжырымдар айтылды. Символ туралы тұжырымдар Аристотель, Платон еңбектерінен басталады. Ал қазақ әдебиеттануында символға қатысты алғашқы ғылыми тұжырымды А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінен көреміз. Ғалым мұнда символды тілді көріктеудің тәсілі ретінде қарап, бернелеу деп атайды. Яғни символға «бернелеу» деген қазақша балама ұсынып, термин енгізеді. А. Байтұрсынұлы: «Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту бернелеу болады. Қазақтың бернемен сөйлеп отыр дегені – осы бернелеу» [2, 30]. А. Байтұрсынұлы символдың метафораға ұқсайтынын айтады: «бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді» [2, 30]. Бұл дегеніміз символдың әуел баста тілдің басқа көріктеу құралдарынан жасалып, ұлғайып, жалпыхалықтық, ұлттық сипат алып кеңеюі нәтижесінде пайда болғанын растайды. Демек символдық деңгейге кез келген ұғым жете бермейді. Сөзді не құбылысты символ арқылы бернелеп беруде халықтық таным есепке алынады. Символ ұғымы астарлау деген мәнді береді. Себебі айтушы символдық бейнелеу арқылы өзінің ойын тұспалдап, астарлап жеткізеді. Символдың мұндай ерекшелігін байқағаған қазақ әдебиеттануының атасы бернемен сөйлеу дегенді «пердемен сөйлеу» түсінігімен байланыстырды.



Пердемен сөйлеу перденің артынан, жасырып, түмшалап сөйлеу дегенді білдіреді. Демек жазушы шығармадағы ойды символ арқылы бернелеп жеткізуде, негізгі ойды астарлап жеткізеді. Бірден ашық мәнде емес, «перденің артынан айтқандай» жасырын етіп айтуын символ дейміз. Символ ұғымына қатысты бұл түсінік оның барлық сипатын ашып көрсеткендей. Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлы символға қойылатын талаптарды да көрсетіп өткен: «Бернелеудің астарын қоя тұрып, өң жағын алғанда астыртын мағынасын қоя тұрып, лебіз мағынасының өзін алғанда жолы қанша? Ұқсастығынан сәйкестігі қанша? Діл келе ме? Болмаса июмен, бұраумен келіп әдейі бернелейін деген ниеті көш жерден көзге түсіп тұра ма, я болмаса ұқсастығы өте алыс, көруге тым қараңғы ма? Егер де бернелеудің шешуі бар болса, онысының қажеті қанша? Керек болған халде, өте ұзын емес пе? Ақылды ғана қанағаттандыра ма, болмаса көңілге я қиялға тиісті бағасын да бере ме?» [2, 31]. Демек сөзді не құбылысты бернелеп, символ арқылы жеткізуде екі құбылыстың бір-біріне ұқсауы маңызды. Егер қаламгер шығармадағы бір ойды символ арқылы жеткізуде жалғандыққа барса, яғни сәйкессіз ұғымдарды бірінің орнына бірін қолданса немесе ойды астарлап беру көзге ұрып тұса бұл символдық бейнелеудің талаптарына жауап бермейді дегенді білдіреді. Символ арқылы ойды бейнелі жеткізуде ұғымдардың «тігісі жатқызылып» кәсіби шеберлікпен әр сөз өзінің лайықты орнында тұруы керек. Сонда ғана символ өзінің негізгі сипатына сай бола алады.

Қ. Жұмалиев символды былайша айқындайды: «Символ – қазақша бір сөзбен айтқанда, бейнелеп сөйлеу. Айтайын дегенін ашып айтпай астарлап, басқа бір нәрсенің бейнесімен суреттеу» [3, 143]. Қ. Жұмалиев символдың параллелизмге ұқсас құбылыс екендігін айтады. Яғни адамдар өздерінің өмір сүруі барысында бір-біріне ұқсайтын құбылыстарды қатар қойып сипаттайтын болған. Бұдан параллелизм туындайды. Кейін параллелизмдегі екінші бір құбылыс қалдырылып айтылып, символға айналған дегенді алға тартады. Демек параллелизм қатар қойып сипатталатын екі құбылыстан тұрса, символда сол екі құбылыстың бірі түсіріліп айтылып астарлы мәнге ие болған. Ал өлең теориясын зерттеген З. Ахметов: «символ дегеніміз – балама бейне» дейді [4, 22]. Ғалым ары қарай символда құбылысты не затты сол күйінше айту емес, бейнелеп, суреттеу көрсету тән деп жалғастыра түседі. Символдың адамның тұрпатын, кескін-келбетін, сымбатын тұтасып алып сипаттайтындығын айтады. Символда шарттылық бар екенін де алға тартады. Екі құбылысты не затты ұқсату, жақындастыру метафора, метонимияға да тән екені белгілі. Алайда символдағы ұқсату, орын ауыстыру өзге ұғымдардан оқшаулау тұрады. Қаламгердің символдап бейнелейтін құбылысын басқа ешбір нәрсемен байланыстыруға келмейді. Автордың нені меңзеп, тұспалдап отырғанын ишарат, ым арқылы ғана байқауға болады. Яғни автор шығарма барысында оқырманына ойын астарлап жеткізуде тұспалдау арқылы ойын ашып айтпай ишаралап жеткізіп отырады. Символ арқылы автор ойынының жеткізілуі

оқырманның да қиялын ұштап, көркем қабылдауын арттырады. Көркем ойлауға, суреттеуге, бейнелі образдарды тануын қалыптастыруға септігін тигізеді. З. Ахметов символға қойылатын талапты былайша тұжырымдайды: «Символдың мазмұндылығы, көркемдігі дегеніміздің өзі – сол тұспал бейненің, суреттің ой-сезімге толы, астарлы мағынасы терең, әсерлі болып келуі деген сөз» [4, 23]. Символ табиғаты жағынан аллегорияға да ұқсайды. Алайда символдағы астарлы мән, ымдау, ишарамен айту оны аллегориядан даралайды.

Қазақ әдебиетіндегі символдар жүйесін жеке объекті ретінде қарастырған Ж. Мұсалының «Символ – бернелеу және оның көркемдік қызметі» атты зерттеу еңбегі бар. Мұнда зерттеуші символтану теориясын және символдың көркем әдебиеттегі қолданысын, оның көркемдік қызметін жан-жақты ашып көрсетеді. Автор: «Көркем бернелер, яғни символдар – көркемдік танымның мәнді де мазмұнды, бағалы нәтижесі болумен қатар, белгілі бір дәрежеде оның дамуы мен өзгеруінің индикаторы болып табылады. Себебі ол қалыптағы көркемдік құралдар шеңберінен асып, таным формасына, өміртану моделіне, әлемді символикалық жолмен тану-игеру жолына айналады» [5, 10] - дейді. Ғалымның бұл пікірімен келісуге болады. Себебі символ қарапайым көркемдік құрал ғана емес, ол адамның, тұтас халықтың ойлау жүйесіне, танымына қатысты ұғым болып саналады. Орыс әдебиеттанушысы А. Белый: «Таным мен шығармашылықтың мәні - символда» [6, 84] деген пікір айтады. Расында, символ бойында адам танымындағы, санасындағы ақпараттардың шоғыры жасырынған. Халықтық, ұлттық ойлау жүйесіне сәйкес символ сипаты әр түрлі болады. Бір ұлттың халқы бір тілдің тұтынушысы десек, сол тілдегі символдар жүйесіне тіл тұтынушылардың барлығына түсінікті деңгейде болады. Себебі тіл арқылы халықтық санаға жасырынған ақпараттар жеткізіліп отырады. З. Қабдолов символды былайша түсіндіреді: «Символ – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия келіп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру. Мүнің өзі ой мен образға әрқашан астыртын, бұлдыр мағына береді деу қате, ең бастысы – символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді. Шығармаға бір түрлі сыршыл сипат бітіреді. Астарлы шығарманың идеясы жалпақ, жалаңаш көрінбейді, автордың ой толғаныстары арқылы көңіл ұйытып, көкірекке терең ұялайды» [7, 192].

Символ ұғымы тек әдебиеттануда ғана қолданылатын термин емес. Ол философияға да, мәдениетке де, тіл білімінің салаларына да қатысты. Соған орай Ф. Лосев символдарды қолданылу саласына қарай: «ғылыми, философиялық, көркем, мифологиялық, идеологиялық, діни, табиғат, қоғам, адамға тән мәнерлеу символдары, сыртқы техникалық символдар» деп жіктейді [8, 196]. Символдар топонимикалық атауларда да маңызды орынға ие. Олар жер-су, елді мекен атаулары ретінде ишаралы, тұспалды сипатымен көрінеді.

Ал біз бұл мақалада поэтикалық символдарға назар аударамыз.

Б. Жетпісбаева символды тіл білімі аспектісінде қарастыра келе адамның ішкі әсерінің туындысы екендігін айтады [9, 41].

Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Көркемдік ойлау өнер туындысын жарататын және одан эстетикалық нәр алып қабылдайтын ақыл-ой қызметінің ерекше түрі. Мұның ғылыми практикалық ойлау жүйесінен өзгешелігі бар. Көркемдік ойлаудың табиғаты мен мәні – дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет екендігімен анықталады. Образдық-сезімділік тұрғыдан әлемді тану, адам болмысына үңілу, тіршілік-тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл күй құбылыстары мен қиял ырқымен жүзеге асатын суретті, бейнелі ұғымдар синтезі көркемдік ойлаудың ерекшелігі болып табылады. Болжаушылық, түспалдау, ықтималды ойлау қабілеті – көркемдік ойлаудың ерекше белгі-сипаттары» [10, 91] деген пікір келтіріледі. Бұл пікірге назар салсақ, символға тән образдылық, көркемдік, танымдық дәрежедегі ойлау жүйесінің дүниені тану, қабылдау, сезіну ұғымдарымен сәйкес келетіндігін айтады. Көркем шығарма шынайы болмыстың көркемделген. Символдың туындауы, символикалық бейнелеу өмір құбылыстарынан алынады. Шынайы болмыстағы іс-әрекет не құбылыс, затты басқаша сипаттау, оған ұқсас құбылысты не затты айқындау негізінде жүзеге асады. Символикалық бейнелеу автордың шеберлігін, ал автор сипаттауындағы символды анықтау оқырманның аңғарымпаздығын, қырағылығын танытады. Себебі мәтінге жасырынған символды, астарлы ойды анықтау кез келгеннің қолынан келе бермейді. Сондықтан символдық бейнелеу адамның интеллектуалдық деңгейінің, білігі мен білімінің, танымының жоғарылығын талап етеді. Таным процесі дүниедегі болып жатқан құбылыстар мен іс-әрекеттердің жиынтығын қамтиды. Ал ойлау жүйесі жақсы дамыған адам өзінің танымына өмір құбылыстары жайлы ақпараттарды жинақтай береді. Сол арқылы белгілі бір пайымдаулар жасап, бейне түзеді. Когнициялық жүйеге сәйкес ассоциациялық тізбектің туындауынан қалыптасқан ақпараттық жүйелер жиыны символ жасауға көмектеседі.

Символикалық бейнелеулерді бірден анықтап білу оңай емес, себебі бернелеу арқылы жасалған образдар астарлы ойды танытып, үнемі жасырын тұрады. Оқырманнан символикалық бейнелеуді анықтау үшін эрудиция қажет. Символда түйінделген, жинақталған көркем мазмұн болады. Адамның көркемдік танымындағы символдың рөлі адам мен дүние арасындағы қарым-қатынасқа, адамның қабылдауына байланысты. Символистердің пікірінше, адамның қоғамдық ортасы, дүниенің барлығы символдардан тұрады. Символдар арқылы шынайы болмысты тануға болады. Реалды тұрмыста барлық нәрсенің шынайы мәні мен астарлы мағынасы болады. Сол себепті символдар дүниесіне назар салып, олардың жасырын мәніне назар сала білу қажет. Символ адам баласының санасымен, танымымен, ақпараттарды қабылдауымен байланысты. Бұл ұғымға қатысты зерттеулер мен көркемдік жүйеде символикалық бейнелеудің теориялық негіздеріне қатысты

көзқарастар түрліше сипат алады. Себебі символды өмірдің барлық болмысынан көретін символистер де, оны тек көркемдік деңгейде қарайтын зерттеушілер де бар. Сондықтан символтануда символға берілер анықтамаларда бірізділік жоқ. Десе де барлық түсініктемелерден байқайтын бір ортақтық символдардың астарлы мән беріп, ойды жасырып қалу қабілетіне ие екендігі. Жалпы қазақ әдебиетінде символдық ойлау жүйесі, символикалық бейнелеу фольклорлық шығармалардан бастау алады. Өйткені қазақ халқы құбылыстарды бір-біріне ұқсату, салыстыру, қатарластыру, ерекше қасиетін анықтап, суреттей білу әрекеттерімен жақсы таныс. Көшпелі өмір сүргендіктен табиғат құбылыстарын жақсы білген. Онымен қоса төрт түлік малдың, аспан денелерінің жеке қасиеттерін де ерекше тани алған. Сондықтан қазақ халқының танымында символдық ойлау жүйесі сақталған.

Символдық бейнелеудің өзегінде негізінен деталь ретінде бір нысан (зат) алынады. Сол нысан (зат) көркем туынды мазмұнындағы бейнелеудің негізгі материалы болады. Бір топ зерттеушілер заттың символдық қызметін маңызды зерттеу проблемасы және миф концепциясынан бастау алған деп түсіндіреді. «Заттың табиғатын зерттеу гуманитарлық білімде түрлі мағыналарды қамтитын проблемалардың кең ауқымына ие болды... Мифопоэтикалық концепция заттың архаикалық мәдениетте қалыптасу ерекшеліктерін қарастыра отырып, заттың шығу себебін адамның символикалық сұранысымен байланыстырады», – деп жазады зерттеушілер Б. Нұрдәулетова және Ж. Аймұхамбет [11, 79].

Кейін көркем әдебиет туындыларына да халықтық танымдағы символикалық ойлау жүйесі ойысып отырған. Г. Сәулембек көркем шығармада символдық бейне негізінде жасырынған мәтіндерге қатысты: «символдық ойлау, қарапайым адамның ақылы жете бермейтін әдеттен тыс ассоциациялар, оғаш неологизмдер, тіпті тұтас өзіндік сөздіктер мен өзіне ғана тән тілдің қалыптасатынын байқаймыз» [12, 83] – деген пікір білдіреді.

Символтану теориясының негізгі сипатын толық ашып көрсету үшін оның эволюциялық дамуына назар салған дұрыс. Өйткені символ ұғымының алғашқы мәні әдебиеттің дамуы барысында өзгерістерге де ұшырап отырған. Ежелгі дәуірдегі әдебиеттегі символдар жүйесі орта ғасыр әдебиеттерінен ерекшеленеді. Сол секілді жаңа дәуір әдебиетіндегі символдық бейнелеудің типі өзгеріске ұшырайды. Себебі адамның ойлау жүйесі заман дамуына сай, құндылықтардың ауысуына орай символдық бейнелеу де өзгеріп отырады. Өйткені символ адамның ойлау жүйесі мен танымымен тікелей байланысты ұғым болып саналады. Символдың алғашында философиялық ұғым ретінде қалыптасқаны белгілі. Жалпы ғылымда символдың түрліше түсіндірілуі қарама-қайшылықтарға да ие болған. А. Бергсон: «Ол ең алдымен тәжірибенің құралы және тәжірибелік мақсат ұстанады. Статикалық қатар ретінде ол нағыз өмірдің жаңды қозғалысын көрсете алмайды. Ішкі сезімдердің барлық реңкін бейнелей алмайтын тіл тек жалпы мен жансызды ғана белгілеп береді. Сөздер біздің өз «менімізді» толық

көрсете алмайды. Олар тек «біздікін», жалпыны жеткізеді. Ал тереңдігі басты нәрселер ашылмай қала береді. Ақиқат тек үнсіз түйсінуде ашылады» [13, 48]. Символикалық бейнелеуде астарлы ойды жеткізу халықтық таным тәжірибесімен де тікелей байланысты. Халықтық тәжірибе дегенімізде белгілі бір ұлт өкілдерінің күнделікті өмір тұрмысынан түйген ойлары, үнемі қайталанып отыратын іс-әрекеттерінің жиынтығын айтамыз. Соның нәтижесінде белгілі бір ұлтқа тән халықтық ойлау жүйесі қалыптасады. Ал мұндай тәжірибелер мен халықтық ойлау жүйесі ұғымдардың символикалық бейнеленуіне алып келеді.

«Поэтикалық сөздік» еңбегінде символға былайша түсінік беріледі: «Символ – көпмағыналы заттық образ. Суреткер туғызған көркем шындықтың түрлі жоспарларын олардың өзара ортақтығы, туыстығы негізінде біріктіре алады. Символ құбылыстар параллелизміне, сәйкестіктер жүйесіне құрылады. Оған поэтикалық троптарда болатын метафоралық бастау тән. Бірақ символда ол бастау терең ой түрткімен байытылған, символикалық бейнелеудің көп мәнділігі мен маңызы сонда, ол тіпті болмыстың түрлі аспектілеріне тең дәрежеде қатысты бола алады» [14, 263].

Көркемдік құралдар символ құрамына еніп оның бейнелелігін туғызуға алғышарт ретінде қызмет етеді де, ары қарай кеңейіп дүниетанымға әсер етуіне, ассоциациялық жүйесіне ықпал жасауына орай таңбалық қасиетке ие болады. Айта кететін жайт, кез келген ұғым символ бола алмайды. Символдық бейнелеуге ие болу үшін бұл ұғым астарындағы мән мен мағына, бейне халықтық сипат алуы керек. Сол себепті белгілі бір халықтың ұлттық ойлау жүйесінде символдық ақпарат енгізілген болмаса, халық өкілдері символды анықтап таба алмайды. Өйткені бұл ұлттың танымында мұндай ақпараттар жоқ. Мәселен, сөз символ ретінде қазмет ететін «аққу – махаббат белгісі» секілді баламалы сипат түркі тектес халықтардан бөлек өзге ұлт өкілдері үшін символға айналмауы мүмкін. Сондықтан символдардың бойында халықтық, ұлттық, этностық ерекшеліктер орын алады. Бұл әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруға қызмет етіп, когнитивті ойлау жүйесімен сабақтасады.

Символтанушы ғалым А.Ф. Лосев символ ұғымы бойынша мынадай тұжырымдамалар ұсынады:

- Заттың символы оның мағынасы, мағына боғанда сол символды құрастыратын, сол заттың терең негіздеріне бойлай отырып, оны модель ретінде қайта тудыратын мағынасы;

- Заттың символы оны жинақтау болып саналады. Символдағы жинақтау жай ғана абстрактілі емес, символданушыны қоса қамтитын шексіз құбылыс;

- Заттың символы оның заңы, сол заттың эмпирикалық нақтылығынан мүлде тыс, оны мағыналық тұрғыда қайта тудыратын заңы;

- Заттың символы сол заттың заңды түрде реттелуі, бұл процесс сол заттың мағыналық құрылуы мен моделін тудыру принциптері бойынша іске асады;

- Заттың символы оның құрылу принциптеріне сай безендірілген ішкі-

сыртқы көрінісі;

- Заттың символы оның құрылымы және ол жекелеген шексіз көріністерден құралады;

- Заттың символы оның белгісі, бұл қатыс қалған, шектеулі нақты белгі емес, жекелеген сансыз құрылымдар тудыра алатын жаңды белгі, ол символда дерексіз идеялық-образдылық түрінде көрінеді;

- Заттың символы сол заттың қандай да бір нышан-белгісі ретінде көрінгенімен де, ол белгінің сол символды құрап тұрған әр түрлі жекелеген бірліктердің тікелей мазмұнымен ешқандай да байланысы жоқ, бұл бірліктер символы құрастырушы негізгі принципке орай жаңаша, символдық тұтастыққа айналады;

- Заттың символы оның толық тепе-тең үйлестігі, яғни білдіруші зат пен оны білдіретін идеялық-образдылықтың бір-біріне кірігіп кетіп, біртұтас символдық тепе-теңдікке айналуы [8, 66].

Символикалық бейнелеу туралы Г. Балтабаева былай дейді: «Символикалық сипат – шығарманың көркемдік келбетін көтеретін айрықша факторлардың бірі. Мұнда қаламгер айтпақ ойын көзге ұрардай жарқыратып ашып тастамайды, көлегейлеп, астарлап, символмен, меңзеумен, шағын деталь арқылы, астарлы метафора көмегімен тұспалдап, ишарамен, емеурінмен ұсынады» [15, 49]. Байқағанымыздай, символдық бейнелеуге тұспалдау, меңзеу, ишаралау, астарлау сынды сипаттар тән. Аталған сипаттар символдың мәнін, болмысын, бейнелеу жүйесіндегі қызметін ашып бере алады.

**Нәтижелер.** Символдық бейнелеу үшін бастапқы мән мен қосалқы мағына болады. Яғни символға айналатын зат не құбылыс мағына астарында қалып, телінетін, баланатын сөз арқылы көмкеріліп кетеді. Символ өз табиғатында алғашқы ұғым және бейнелі мағына сияқты құрылымнан тұрады. Кез келген символдың өзінің мағынасынан бөлек телінетін қосарлы мағынасы болады. Бұл мағына адам санасында бейне тудыруға қызмет етеді. Символға айналған ұғым қандай да бір зат пен құбылыстың ойымыздағы көрінісі, бейнесі, мағынасы дегенді білдіреді. Сонымен қатар, кез келген символда өзі ишаралайтын астарлы бейне болады. Бейнесіз символ өмір сүрмейді, бірақ кез келген бейне символға айнала бермейді. Символ бір мағынамен шектеліп қалмайды, оған жинақылық, жұмбақтау сипаты тән, оның мағыналық мүмкіндігі барынша кең.

**Қорытынды.** Сонымен талдау нәтижесінде «символ – көркем бейнелеу тұрғысында айтылар ойды жинақтау» деген тұжырым жасай аламыз. Символ бойындағы бұл жинақтауды астарлы мағына мен көпшілікке таныс мағынаның жиынтығы ретіндегі көрінісі деп түсінеміз. Символ көркем шығарманы тудырушы тұлғаның интуициясы арқылы жасалады. Өйткені қандай да бір затты не құбылысты балама ретінде алу үшін қаламгерге сезімталдық қажет. Символ арқылы жаңа мағына, поэтикалық тың үлгілер туындайды. Сонымен қатар символ табиғатына шебер логика тән.

### Әдебиеттер

1. Hakobyan K., Šuler-Galos J. Postmodern Discourse and Its Semiosis // Postmodern Discourse and its Semiosis. Journal of Language and Education. – 1(3). – P. 63-71. <https://doi.org/10.17323/2411-7390-2015-1-3-63-71>.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазақтың көркем әдебиет мемлекеттік баспасы, 1960. – 363 б.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
5. Мұсалы Ж. Символ-бернелеу және оның көркемдік қызметі. – Алматы: Ан Арыс, 2015. – 160 б.
6. Белый А. Символизм как миропонимание. Москва: Республика, 1994. – 528 с.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
8. Лосев А. Проблема символа и реалистическое искусство. – Москва: Искусство, 1976. – 367 с.
9. Жетписбаева Б. Символ в движении литературы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 288 с.
10. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
11. Нұрдәулетова Б., Аймұхамбет Ж.. Претендентті мәтіндердегі зат-символ мәселесі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 4(137)/2021. Б. 78-85. <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/issue/view/18/17>
12. Сәулембек Г. Қазіргі прозадағы постмодернизм // Фил.ғыл.док.диссер. – Алматы, 2017. – 136 б.
13. Бергсон А. Творческая эволюция. – Москва: Канюи-Пресс, 1998. – 384 с
14. Квятковский А. Поэтический словарь. – Москва: Советская энциклопедия. – 1966. – 376 с.
15. Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы. Оқу құралы. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2012. – 273 б.

### С.Ш. АЙТУҒАНОВА, Е.Б. СҰЛТАН

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,  
Казахстан

### СЕМИОТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА: СИМВОЛИЧЕСКОЕ ИЗОБРАЖЕНИЕ

**Аннотация.** В статье дифференцируется теоретическая сторона феномена символического изображения, относящаяся к семиотической науке. Семиотика – наука о знаках. При семиотическом анализе художественного текста сталкиваемся с такими понятиями, как символ, маркировка, концепт. Несмотря на то, что перечисленные понятия внешне схожи, важно определить

разницу между ними и определить подтекст в описании автора в художественном тексте. Там же определяется символическое описание, знаковое понятие, концептуальный разрыв. Поэтому в нашей статье мы поставили цель выделить отличия семиотики от других ее структур, приведя теоретические концепции, касающиеся передачи в художественном тексте компонента семиотики – символа, украшения и изображения художественного текста. В статье мы рассмотрели основные положения в литературоведении, касающиеся термина символ, рассматривали описание символического изображения в художественном тексте как один из семиотических анализов символа. Чтобы определить символ из художественного текста, нам необходимо знать его основные признаки и его функцию в тексте. Только тогда мы сможем определить символическое значение символа. Символическое описание не только увеличивает поэтическую мощь художественного текста, но и включает в себя код знаковых систем. Поэтому символ можно рассматривать как с точки зрения поэтики, так и с точки зрения семиотики.

**Ключевые слова.** Семиотика, символ, знак, художественный текст, анализ текста

**S. SH. AITUGANOVA, E.B. SULTAN**

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### **SEMIOTIC ANALYSIS OF A LITERARY TEXT: SYMBOLIC DESCRIPTION**

**Annotation.** The article differentiates the theoretical side of the phenomenon of symbolic description related to semiotic science. Semiotics is the science of signs. In the semiotic analysis of a literary text, we encounter concepts such as symbol, marking, concept. Despite the fact that the listed concepts are superficially similar, it is important to determine the difference between them and to determine the subtext in the description of the author in the literary text. It also defines a symbolic description, a symbolic concept, a conceptual gap. Therefore, in our article we set out to highlight the differences between semiotics and its other structures, giving theoretical concepts concerning the transfer of a semiotic component in a literary text – a symbol, decoration and image of a literary text. In the article, we examined the main provisions in literary studies concerning the term symbol, considered the description of a symbolic image in a literary text as one of the semiotic analyses of a symbol. To identify a symbol from a literary text, we need to know its main features and its function in the text. Only then will we be able to determine the symbolic meaning of the symbol. Symbolic description not only increases the poetic power of a literary text, but also includes the code of sign systems. Therefore, the symbol can be considered both from the point of view of poetics and from the point of view of semiotics.

**Keywords.** Semiotics, symbol, sign, artistic text, text analysis



## Reference

1. Hakobyan K., Šuler-Galos J. Postmodern Discourse and Its Semiosis // Postmodern Discourse and its Semiosis. Journal of Language and Education. – 1(3). – P. 63-71. <https://doi.org/10.17323/2411-7390-2015-1-3-63-71>.
2. Baitürsynov A. Ädebiät tanytqyş. Zertteuler men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b.
3. Jūmaliev Q. Qazaq ädebiät tarihyñ mäseleleri jäne Abai poeziasynyñ tılı. – Almaty: Qazaqyñ körkem ädebiät memlekettik baspasy, 1960. – 363 b.
4. Ahmetov Z. Öleñ sözdiñ teoriasy. – Almaty: Mektep, 1973. – 212 b.
5. Mūsaly J. Simvol-berneleu jäne onyñ körkemdik qyzmeti. – Almaty: An Arys, 2015. – 160 b.
6. Belyi A. Simvolizm kak miroponimanie. – Moskva: Respublika, 1994. – 528 s.
7. Qabdolov Z. Söz öneri. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992. – 352 b.
8. Losev A. Problema simvola i realisticheskoe iskustvo. – Moskva: Iskustvo, 1976. – 367 s.
9. Jetpisbaeva B. Simvol v dvijenii literatury. – Almaty: Ğylym, 1999. – 288 s.
10. Ädebiätanu. Terminder sözdığı (Qūrastyruşylar: Z.Ahmetov, T.Şaňbaev). – Almaty: Ana tılı, 1998. – 384 b.
11. Nürdäuletova B., Aimühambet J.. Pretendentti määtinderdegi zat-simol mäselesi // L.N. Gumilev atyndağı EÜU Habarşysy. Filologia seriasy. № 4(137)/2021. B. 78-85. <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/issue/view/18/17>
12. Säulembek G. Qazırğı prozadağı postmodernizm // fil.ğyl.dok.diser. – Almaty, 2017. – 136 b.
13. Bergson A. Tvorcheskaia evolüsia. – Moskva: Kanün-Pres, 1998. – 384 s.
14. Kvätkovski A. Poeticheski slovär. – Moskva: Sovetskaia ensiklopedia. – 1966. – 376 s.
15. Baltabaeva G. Täuelsizdik kezeñindegi qazaq prozasy. Oqu qūraly. – Almaty: QazMemQyzPU, 2012. – 273 b.

### Авторлар жайлы мәлімет:

**Айтуғанова Сәулеш Шамшақызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Айтуғанова Саулеш Шамшаевна** – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Aituganova Saulesh Shamshakyzy** – Candidate of Philological Sciences, assistant professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Сұлтан Есбол Болатұлы** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Султан Есбол Болатулы** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Sultan Esbol Bolatuly** – doctoral student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.